

Тіркеу №67
«30» шілде 2019ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2019 жылғы «17» шілденің №5
хаттамасымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында инсайдерлік
ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Күні	№	Тіркеу №
1	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____
2	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____
3	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____
4	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 201__ жылғы «__» _____ №__ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	—-бет —- ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – БҚН туралы ҚРЗ), «Акционерлік қоғамдар» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы №69 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты ашу қағидасына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпарат ашу тәртібіне, сондай-ақ «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

Қағида Қор туралы инсайдерлік ақпаратты қолдануды және пайдалануды бақылау тәртібін, сондай-ақ Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар тізімін жүргізу және өзекті жағдайда ұстау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағида мақсаты:

- 1) мәліметтер мен құжаттарды Қордың инсайдерлік ақпаратына жатқызу белгілерін белгілеу;
- 2) Қор инсайдерлері болып табылатын тұлғалар ауқымын анықтау;
- 3) Қордың инсайдерлік ақпаратын қолдану және пайдалану тәртібін анықтау;
- 4) Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар тізімін жүргізу және өзекті жағдайда ұстау тәртібін анықтау;
- 5) инсайдерлік ақпаратты ашу талаптары мен тәртібін анықтау;
- 6) инсайдерлік ақпаратты жариялағаны үшін Қор инсайдерлеріне жауапкершілік белгілеу.

3. Осы Қағидаға мынадай Қосымшалар көзделген:

- 1-қосымша – № _____ «ИА» белгісі бар істі пайдалану рұқсат етілген қызметкерлер тізімі;
- 2-қосымша – № _____ «ИА» белгісі бар істің берілетін құжаттарын есепке алу карточкасы;
- 3-қосымша – «БЖЗҚ» АҚ-да инсайдерлік ақпаратын жарияламау туралы (жеке тұлғалар үшін) міндеттеме;
- 4-қосымша – «БЖЗҚ» АҚ инсайдерлік ақпаратын жарияламау туралы (заңды тұлғалар үшін) міндеттеме;
- 5-қосымша – «БЖЗҚ» АҚ инсайдерлерінің тізімі;
- 6-қосымша – Қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қор қызметкерлері лауазымдарының тізбесі.

4. Осы Қағидада мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

- 1) акция – акционерлік қоғамы шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін құқығын, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген басқа да құқықтарды растайтын бағалы қағаз;
- 2) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлға;
- 3) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) шығарған эмитент туралы, коммерциялық құпияны құрайтын ол жүзеге асыратын қызмет туралы шынайы ақпарат, сондай-ақ ашылуы бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін, үшінші тұлғалар білмейтін басқа ақпарат;
- 4) «ИА» – Қордың инсайдерлік ақпаратына қойылатын «инсайдерлік ақпарат» шектеу белгісі;
- 5) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

<i>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы</i>	—-бет —- ден
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

6) эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жүзеге асыратын тұлға, оның ішінде Қор;

7) жетекшілік ететін басшы – Басқарма Төрағасы, Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма Төрағасының орынбасары, Қордың басқарушы директорлары мен бас бухгалтері арасында міндеттерді бөлу туралы тиісті бұйрық негізінде Қор бөлімшелерінің жұмысын бақылау мен үйлестіруді жүзеге асыратын Қордың басшы қызметкері;

8) Қор инсайдерлерінің тізімі – Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген тұлғалар тізімі, оны Қор жүргізеді.

2. Инсайдерлік ақпарат тізбесі

5. Қордың инсайдерлік ақпаратына Қордың конфиденциалды ақпараты жатады.

6. Қордың инсайдерлік ақпаратына БҚН туралы ҚРЗ талаптарымен белгіленген ақпарат, сондай-ақ:

1) конфиденциалды сипаттағы және ол туралы ақпаратты ашу Қор акциялары құнының өзгеруіне және жалпы Қор қызметіне әсер етуі мүмкін Қордың жалғыз акционерінің (бұдан әрі – Жалғыз акционер), Қордың Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының шешімдері және олардың тиісті құжаттамасы;

2) Қордың Инвестициялық комитетінің меншікті активтер бойынша инвестициялық шешім қабылдау туралы хаттамалары;

3) Қордың Инвестициялық комитетінің меншікті активтер бойынша инвестициялық шешімдері жатады.

7. Инсайдерлік ақпаратқа:

1) жалпыға қолжетімді мәліметтер, сонымен қатар инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операциялар жасау туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жасалған бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнына, эмитенттің мүліктік жағдайына қатысты зерттеулер, болжамдар және бағалар негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алған ақпарат;

3) дереккөзі белгісіз, ауқымды тұлғалар ортасында таралған, рсталмаған ақпарат, сондай-ақ эмитенттің ағымдағы немесе жоспарланып отырған қызметіне қатысты долбар жатпайды.

3. Қор инсайдерлері. Қор инсайдерлерінің құқықтары мен міндеттері

8. Қор инсайдерлері:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қор қызметкерлері;

2) Қор акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иемдену, пайдалану және (немесе) билік етуіне орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар;

3) талаптарында инсайдерлік ақпарат ашу көзделіп жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Қорға қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және басқа тұлғалар;

4) өздеріне берілген өкілеттікке орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген эмитенттер мен ұйымдар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер және өзін-өзі реттейтін ұйымдар;

5) өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметкерлері;

<i>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы</i>	—-бет —- ден
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

6) өз қызметтері мен өкілеттіктеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;

7) осы тармақтың 1)-6) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларған инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

9. Қор инсайдерлері:

1) осы Қағиданың инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану бөлігіндегі талаптарын орындауға;

2) инсайдерлік ақпарат жарияламауға;

3) инсайдерлік ақпаратты пайдалану тәртібін бұзу деректері туралы, ақпаратты рұқсатсыз алмақ болу туралы құрылымдық бөлімше басшысына және Қордың қауіпсіздік бөлімшесінің басшысына (Қор инсайдері бөтен ұйым болса, Қор Басқармасының Төрағасына) хабарлауға;

4) өзінің тікелей қызметтік және/немесе шарттық міндеттерін орындауға орай рұқсат алған ақпаратпен ғана танысуға;

5) инсайдерлік ақпараты бар құжаттармен жұмыс, есепке алу және сақтаудың белгіленген тәртібін бұзуға жол беру туралы, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жариялау деректері туралы жазбаша түсініктемелер беруге міндетті.

10. Қор инсайдерлерінің:

1) оларды орындау инсайдерлік ақпаратты ашуға тікелей байланысты болса, Қор Басқармасы Төрағасының жазбаша рұқсаты болған кезде инсайдерлік ақпаратты өзінің тікелей қызметтік/лауазымдық және/немесе шарттық міндеттерін орындауға пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және/немесе Қормен жасалған келісімдерге/шарттарға орай инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге құқығы бар.

11. Қор инсайдерлерінің:

1) жеке мақсаттарда бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) осы Қағиданың 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

4. Инсайдерлік ақпаратты қолдану, пайдалану және қорғау

12. Қордың инсайдерлік ақпараты бар құжаттың барлығына орындаушы немесе құжатқа қол қоятын тұлға, басылыммен жұмыс кезінде автор (құрастырушы) және басылымды баспаға бекітетін басшы, кіріс құжатты бастапқы тіркеу кезінде хат-хабарды есепке алу қызметі жүктелген уәкілетті тұлға «Инсайдерлік ақпарат» немесе «ИА» шектеу белгісін қояды.

13. Инсайдерлік ақпараты бар құжаттың барлығы орындалған соң «ИА» шектеу белгісі бар істерге қалыптастырылады.

14. «ИА» шектеу белгісі:

1) инсайдерлік ақпараты бар құжаттар мен мәліметтері бар іс мұқабасының оң жақтағы жоғарғы бұрышына;

2) инсайдерлік ақпараты бар құжаттың оң жақтағы жоғарғы бұрышына;

3) инсайдерлік ақпараты бар ілеспе хаттың бірінші бетінің оң жақтағы жоғарғы бұрышына;

4) инсайдерлік ақпараты бар жіберілетін құжаттар конвертінің оң жақтағы жоғарғы бұрышына;

<i>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы</i>	—-бет —- ден
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

5) инсайдерлік ақпараты бар құжаттар мен мәліметтері бар іс номенклатурасында іс тақырыбының индексіне қойылады.

15. Қор қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаға сәйкес Қор инсайдерлері деп танылатын басқа тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты қолдану, пайдалану және қорғауы төмендегілер ескеріле отырып (қосылады, бірақ мұнымен шектелмейді) жүзеге асырылады:

1) Қор инсайдерлеріне инсайдерлік ақпаратқа жататын және «ИА» шектеу белгісі бар құжаттар мен мәліметтері бар істерге рұқсат өздерінің қызметтік және/немесе шарттық міндеттерін жүзеге асыру үшін ғана беріледі;

2) «ИА» шектеу белгісі бар құжаттармен Қордың қызметтік үй-жайларында ғана жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Қызметтік үй-жайдан тыс жұмыс істеу үшін Қордың қауіпсіздік бөлімшесімен келісілген Қордағы инсайдерлік ақпаратпен жұмыс жүргізуге бақылау жасайтын жауапты тұлғаның (Қордың тиісті бөлімшесіне жетекшілік ететін басшының/Қордың Басқарма Төрағасының) жазбаша рұқсаты қажет;

3) Қордың құрылымдық бөлімшелері арасында, сондай-ақ бөтен тұлғаларға инсайдерлік ақпараты бар құжаттар құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жетекшілік ететін басшы, корпоративтік хатшы рұқсатымен беріледі. Мұндай құжаттардың, «ИА» шектеу белгісі бар істердің құрылымдық бөлімшелер арасындағы қозғалысы, сондай-ақ оларды бөтен тұлғаларға беру тиісті істердің берілетін құжаттарын есепке алу карточкаларында (осы Қағиданың 2-қосымшасы) уақытылы көрсетілуі тиіс;

4) инсайдерлік ақпаратты байланыстың ашық түрлерінің техникалық арналары (жалпы пайдаланылатын телефон және факсимильдік байланыс, оның ішінде ішкі телефон байланысы, радиобайланыс, спутник және ұялы байланыс, электрондық пошта, бұлт технологиялар және басқа ақпарат беру тәсілдері) арқылы беру рұқсат етілмейді, бұған деректерге рұқсат сұраған кезде аутентификация саясаттарын немесе деректерді қорғау тәсілдерінің басқа әдістерін қолданып Қор байланысының қорғалған VPN-арналары арқылы инсайдерлік ақпаратты беру қосылмайды;

5) құрылымдық бөлімше басшысының рұқсатынсыз «ИА» шектеу белгісі бар құжаттарды істерден алуға немесе бір істен басқасына ауыстыруға тыйым салынады. Істердің ішкі тізбесінде мұндай алу немесе ауыстыру туралы белгі қойылады;

6) инсайдерлерге Қордың инсайдерлік ақпаратымен жұмысқа рұқсат осы Қағиданың 16-тармағының талаптарына сәйкес қызметкерлер тізімінің (осы Қағиданың 1-қосымшасы) негізінде беріледі.

Қор инсайдерлеріне инсайдерлік ақпаратпен жұмысқа рұқсат толық көлемде немесе қызметтік және/немесе шарттық міндеттерін орындауға қатысты бөлігінде беріледі.

Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өзінің қызметтік және/немесе шарттық міндеттерін орындауға қажет тұлғалардың ғана инсайдерлік ақпаратқа рұқсатын жүйелі түрде бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

16. Қор қызметкерлері емес, Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаға сәйкес Қор инсайдерлері деп танылатын тұлғалар Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсат алуы тиіс болса, онда Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы аталған тұлғаларға инсайдерлік ақпарат берілгенге дейін мұндай тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттеме алуы және/немесе инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы келісім ресімдеуі тиіс (осы Қағиданың 3 және 4-қосымшалары).

Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар заңды тұлғалармен/жеке тұлғалармен шарттар/келісімдер жасаған кезде шартты жүргізуге жауапты тұлға мұндай тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттемелерге/келісімдерге қол қоюын қамтамасыз етеді.

Инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттемелер/келісімдер түпнұсқалары заңды/жеке тұлғалармен жасалған шарттармен/келісімдермен бірге сақталады.

<i>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы</i>	—-бет —- ден
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

17. Қызметкерлерді басқару бөлімшесі Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар Қор қызметкерлерінің лауазымдары тізбесінің (осы қағиданың 6-қосымшасы) негізінде мұндай қызметкерлердің инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттемеге қол қоюын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлердің инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы міндеттемелерінің түпнұсқалары қызметкерлердің жеке істерінде сақталады.

Қызметкерлерді басқару бөлімшесі – осы Қағиданың инсайдерлермен – Қор Басқармасының мүшелері, Қор кеңесшілерімен жұмыс жүргізу талаптарын орындау бойынша жауапты бөлімше.

18. Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар Қор қызметкерлерінің лауазымдары тізбесін құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы тұрақты түрде бабылайды. Өзгеріс болған жағдайда, мәлімет осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес есепке алу үшін қызметкерге инсайдерлік ақпаратқа рұқсат берілген күннен кешіктірмей қызметкерлерді басқару бөлімшесіне беріледі.

5. Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар тізімін жүргізу

19. Инсайдерлер тізімін жүргізуге, оны өзекті жағдайда ұстауға жауапты бөлімше – Қордың қауіпсіздік бөлімшесі, ол:

1) тоқсан сайын ЭҚА арқылы тоқсанның соңғы айының 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей Қордың құрылымдық бөлімшелеріне Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар тізімдеріндегі өзгерістер туралы сұраныс жібереді;

2) тәуекел бақылаушылары болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан, Қордың корпоративтік хатшысынан алатын деректер негізінде Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар тізімін өзектендіреді;

3) осы Қағиданың 20-тармағына сәйкес тәуекел бақылаушылары болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы беретін Қордың инсайдерлері бойынша мәліметті алған соң тоқсан сайын, бірақ есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей осы Қағиданың 5-қосымшасына сай нысан бойынша Қор инсайдерлерінің тізімін жасайды;

4) Қор инсайдерлерінің тізімін Бсқарма Төрағасына бекітуге береді;

5) уәкілетті органның талабы бойынша Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар тізімін береді.

20. Тәуекел бақылаушылары болып табылатын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы өз бөлімшелерінің қызметкерлеріне, Қордың Жалғыз акционеріне, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Қордың контрсеріктестері мен серіктестеріне мониторинг жүргізеді және осы Қағиданың 7-тармағында аталған негіздемелер анықталған (болмаған) жағдайда, оларды осы Қағидада белгіленген тәртіппен және мерзімде бұл туралы міндетті түрде хабарландыра отырып инсайдерлер тізіміне/тізімінен қосады/шығарады және көрсетілген тұлғаларды инсайдерлік ақпаратты қолдану мен пайдалану бөлігінде БҚН туралы ҚРЗ және осы Қағида талаптары туралы хабарландырады.

Тәуекел бақылаушылары болып табылатын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша тоқсан сайын инсайдерлер тізімін есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бес) күнтізбелік күні ішінде Қордың қауіпсіздік бөлімшесіне жалпы Қордың инсайдерлер тізімін жасау үшін жібереді.

21. Қор Басқармасы Төрағасының бұйрығымен бекітілген Қордың инсайдерлер тізімі Қордың құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімшесіне сақтауға беріледі. Бұл ретте тәуекел бақылаушылары болып табылатын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы ЭҚА арқылы қауіпсіздік бөлімшесіне берген инсайдерлердің тізімдері Қордың электрондық құжат айналымы жүйесінде сақталады.

<i>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы</i>	—-бет —- ден
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

22. Осы Қағиданың 8-тармағының 2) және 3) қосымшаларында аталған инсайдерлер белгілері бар тұлғаларды инсайдерлер тізіміне қосқан кезде тәуекел бақылаушылары болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ Қордың корпоративтік хатшысы бұл туралы мұндай тұлғаларды 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарландырады.

23. Хабарламамен бірге өзінің қызметтік және еңбек міндеттеріне орай Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалардың қызметкерлері туралы ақпарат сұратылады.

24. Сонымен қатар әр тоқсанның біріндегі жағдай бойынша тоқсан сайын тәуекел бақылаушылары болып табылатын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы Қор инсайдерлеріне өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне орай Қордың инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалардың қызметкерлеріне қатысты жаңартылған мәліметтер беру туралы сұраныс жібереді.

25. Осы Қағиданың 8-тармағының 2) және 3) қосымшаларында аталған, инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар инсайдер белгілерінен айырылған жағдайларда, тәуекел бақылаушылары болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Қордың корпоративтік хатшысы бұл туралы оларды инсайдерлер тізімінен шығарылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарландырады.

6. Міндетті түрде ашылуы тиіс инсайдерлік ақпарат. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері

26. Бағалы қағаздар нарығында ақпарат ашу деп Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бұл ақпаратты алу мақсатына қарамастан бұған мүдделі тұлғалардың барлығына оның қолжетімділігін қамтамасыз ету түсініледі.

27. Бағалы қағаздарын ұстаушылар мүддесіне қатысты Қор қызметіндегі өзгерістер мен осы Қағиданың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген корпоративтік оқиғалар туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына орналастырылады және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жарияланады.

28. БҚН туралы ҚРЗ және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен және мерзімде Қордың эмиссиялық бағалы қағаздар айналымы кезеңінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында:

- 1) эмитенттің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат;
- 2) жыл қорытындысы бойынша акционерлік қоғамның атқарушы органының мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;
- 3) Қордың дауыс берілетін акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлер құрамын;
- 4) Қорда әр мұндай ұйым акцияларының (үлестер, пайлар) он және одан көп пайызы бар ұйымдар тізімін;
- 5) Қордың жылдық қаржылық есептілігі мен Қордың аудиторлық есептерін;
- 6) енгізілген өзгерістері мен (немесе) толықтырулары ескерілген Қордың эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісін;
- 7) акциялар орналастыру қорытындысы туралы есеп ашуға міндетті.

29. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат деп төмендегілер туралы мәліметтер түсініледі:

- 1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер;
- 2) Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының құрамы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының құрамындағы өзгерістер көрсетілген Директорлар кеңесін, Қор Басқармасын сайлау;

<i>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы</i>	—-бет —- ден
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

3) Қордың дауыс берілетін акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлер құрамындағы өзгерістер;

4) Қордың директорлар кеңесі қабылдаған мынадай шешімдер туралы:

жылдық және кезектен тыс жалпы акционерлер жиналысын шақырту;

орналастыру (іске асыру), оның ішінде жарияланған акциялар санының аясында орналастырылатын (іске асырылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі мен бағасы;

қоғам өтеуін төлеп алатын акциялар саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан артық болса, Қордың орналастырылған акциялардың өтеуін төлеп алуы, олардың өтеуін төлеп алу бағасы;

ірі мәмілелер жасау;

5) Қорда әр мұндай ұйым акцияларының (үлестер, пайлар) он және одан көп пайызы бар ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;

6) Қордың ірі мәмілелер жасауы;

7) Қорды қайта құру немесе мәжбүрлеп тарату туралы, сондай-ақ оның еншілес және бағынышты ұйымдарын қайта құру немесе мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімдері;

8) құны Қор активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Қор мүлкіне тыйым салу (мүлкінен тыйымды алу);

9) нәтижесінде баланстық құны Қор активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Қор мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;

10) сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы;

11) Қордың эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне және жарғысына сәйкес Қор акционерлерінің мүддесіне қатысты басқа оқиғалар.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат жариялаудың (бағалы қағаздар ұстаушыларға жеткізу) басқа мерзімдері көзделмесе, бұл ақпаратты Қор ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ашады.

31. Қор осы Қағиданың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген инсайдерлік ақпаратты ашуды осы тарау талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде қамтамасыз етеді.

32. Қордың ақпаратты ашу, Қор ашуы тиіс ақпарат мазмұнына қойылатын талаптар тәртібі, сондай-ақ Қордың ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

7. Қорытынды ережелер. Бақылау. Жауапкершілік

33. Қордың тәуекел бақылаушылары болып табылатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен Қордың корпоративтік хатшысы тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, басқа нормативтік құжаттарға және осы Қағидаға сәйкес тиісінше ашуды қамтамасыз етеді.

34. Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ Осы Қағидаға сәйкес Қор инсайдерлері деп танылатын басқа тұлғалардың осы Қағида талаптарын сақтауын бақылауды қауіпсіздік бөлімшесі Құжаттамалық қамтамасыз ету департаментімен және ішкі аудиторлық тексерістер жүргізген кезде Қордың ішкі аудит бөлімшесімен бірге жүзеге асырады.

35. Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағиданың талаптарын сақтауды жалпы бақылауды Қор Басқармасының Төрағасы не оның мідеттерін атқаратын тұлға жүзеге асырады.

36. Инсайдерлер тізіміне ақпаратты толық әрі уақытылы енгізу, сондай-ақ осы Қағиданы бұзғаны және инсайдерлік ақпаратты жариялағаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық заңнамасымен анықталады.

<i>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы</i>	<i>__-бет __-ден</i>
-----------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------

37. Бөтен ұйымдардың Қорға қызмет көрсету кезінде осы Қағиданы бұзғаны және инсайдерлік ақпаратты жариялағаны үшін жауапкершілік олармен жасалған шарттарда/келісімдерде көрсетілуі тиіс.

38. Инсайдерлік ақпаратты жариялағаны үшін инсайдерлік ақпаратпен жұмысқа рұқсат берілген Қор қызметкерлері, сондай-ақ олардың тікелей басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жауапкершілікте болады.

39. Қор қызметі туралы инсайдерлік ақпарат ашу кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, осы Қағиданың талаптарын бұзуға жол берілсе немесе Қорға және (немесе) оның Жалғыз акционеріне зиян келтірген жалған, нақты емес немесе толық емес мәліметтер берілсе, мұндай бұзушылыққа кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Басқарма Төрағасының м.а.

С. Егеубаева

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
201__ жылғы «__» _____
№__ хаттамасымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты
қолдану және пайдалану қағидасының 1-қосымшасы

№ _____

(іс атауы)

**«ИА» белгісі бар істі пайдалану рұқсат етілген қызметкерлер
ТІЗІМІ**

№№ р/р	Аты-жөні, лауазымы	Шығарылғаны туралы белгі
1	2	3

Құрылымдық бөлімше басшысы:

_____ (Аты-жөні)

«__» _____ 20__ ж.
(күні)

_____ (қолы)

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
201__ жылғы «__» _____
№__ хаттамасымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты
қолдану және пайдалану қағидасының 2-қосымшасы

№ _____

(іс атауы)

«ИА» белгісі бар істің берілетін құжаттарын есепке алу

КАРТОЧКАСЫ

№ р/р	Құжат атауы, нөмірі және күні	Құжат кімге берілді (құрылымдық бөлімше және қызметкердің тегі)	Қолхат	
			бергендегі және күні	қайтарғандағы және күні
	2	3	4	5

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
201__ жылғы «__» _____
№__ хаттамасымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты
қолдану және пайдалану қағидасының 3-қосымшасы

**«БЖЗҚ» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы (жеке тұлғалар үшін)
МІНДЕТТЕМЕ**

Алматы қ.

«__» _____ 20__ ж.

Мен, _____,

Қызметтік (лауазымдық, еңбек) міндеттерімді орындауға немесе «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қор) шарт бойынша қызмет көрсетуге орай инсайдерлік ақпаратқа, атап айтқанда:

_____ рұқсат ала отырып:

1) өзіме сеніп тапсырылған Қордың инсайдерлік ақпаратын құрайтын мәліметтерді жарияламауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда (Қордың ішкі құжаттарының талаптары аясында тікелей басшыдан тиісті рұқсат алған жағдайда), Қордың келісімінсіз Қордың инсайдерлік ақпаратын құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға бермеуге және көпшілікке ашпауға;

3) менен Қордың инсайдерлік ақпараты туралы мәліметті бөтен тұлғалар алғысы келген жағдайда, Қор басшылығына дереу хабарлауға;

4) инсайдерлік ақпарат тасымалдауыштар, рұқсатнамалар, үй-жайлардың, сейфтердің (металл шкафтар) кілттері, мөрлер, мөртабандардың жоғалғаны немесе жетіспейтіні туралы және Қордың инсайдерлік ақпаратын жариялауға апарып соқтыруы мүмкін басқа да деректер туралы, сондай-ақ мәліметтің жайылып кету себептері мен талаптары туралы өзімнің тікелей басшыма және Қордың қауіпсіздік бөлімшесіне дереу хабарлауға;

5) жеке мақсаттарда Қордың бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбауға;

6) инсайдерлік ақпаратқа негізделген Қордың бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымды үшінші тұлғаларға бермеуге МІНДЕТТЕНЕМІН.

Инсайдерлік ақпарат Қор маған олай емес деп хабарлағанша не инсайдерлік ақпарат жалпыға қолжетімді болғанша инсайдерлік ақпарат болады.

Маған «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы түсіндіріліп жеткізілді.

Маған аталған Қағиданы бұзудың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке апарып соқтыруы мүмкін екені белгілі.

Маған Қордың инсайдерлер тізіміне қосу туралы, инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптары туралы хабарланды.

(қолы)

(тегі а.ә.)

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
201__ жылғы «__» _____
№__ хаттамасымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты
қолдану және пайдалану қағидасының 4-қосымшасы

«БЖЗҚ» АҚ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫН ЖАРИЯЛАМАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (заңды тұлғалар үшін)

Алматы қ.

«__» _____ 20__ ж.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «**Қор**» деп аталады, _____ негізінде әрекет ететін _____ арқылы бір жағынан және _____ заңнамасына сәйкес құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын _____, бұдан әрі «__» деп аталады, _____ негізінде әрекет ететін _____ арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «**Тараптар**» деп атала отырып, «БЖЗҚ» АҚ инсайдерлік ақпаратын жарияламау туралы осы келісімді (бұдан әрі – **Келісім**) төмендегілер туралы жасады:

1. Терминдер мен анықтамалар

«**инсайдерлік ақпарат**» – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) шығарған эмитент туралы, коммерциялық құпияны құрайтын ол жүзеге асыратын қызмет туралы шынайы ақпарат, сондай-ақ ашылуы бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін, үшінші тұлғалар білмейтін басқа ақпарат;

«**инсайдер**» – инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлға;

«**ИА**» – «инсайдерлік ақпарат» шектеу белгісі Қор акциялары, олармен мәмілелер бойынша құжаттар туралы, сондай-ақ Қор туралы, коммерциялық құпияны құрайтын ол жүзеге асыратын қызмет туралы ақпаратқа, сонымен қатар ашылуы Қор акциялары құнының өзгеруіне және Қор қызметіне әсер етуі мүмкін, үшінші тұлғалар білмейтін басқа ақпаратқа қойылады.

2. Келісім мәні

2.1 Осы келісім талаптарына сәйкес Қор ұсынады, ал _____ қабылдайды және Тараптар арасында жасалған/бұрын жасалған шартқа/шарттарға сәйкес Қорға қызмет көрсету үшін _____ қажет инсайдерлік ақпаратты жарияламауға кепілдік береді.

2.2 _____ инсайдерлік ақпаратты қорғап, өзінің конфеденциалды ақпаратын қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін мүмкіндігінің бар екеніне және мұндай мүмкіндікті Қордан алған инсайдерлік ақпаратқа қолдануға кепілдік береді.

3. Ақпарат ашу

3.1. Қор инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес мүдделі тұлғалардың барлығы үшін ашық мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыру арқылы ашады.

4. Шектеу

4.1 Егер ақпарат:

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	—-бет —- ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------

1) жалпыға қолжетімді мәліметтер, сонымен қатар инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операциялар жасау туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жасалған бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнына, эмитенттің мүліктік жағдайына қатысты зерттеулер, болжамдар және бағалар негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алған ақпарат;

3) дереккөзі белгісіз, ауқымды тұлғалар ортасында таралған, рсталмаған ақпарат, сондай-ақ эмитенттің ағымдағы немесе жоспарланып отырған қызметіне қатысты долбар болса, _____ инсайдерлік ақпаратты ашқаны үшін жауапты болмайды.

5. Тараптардың міндеттемелері

5.1 _____:

1) Қордың инсайдерлік ақпаратын құрайтын мәліметтерді жарияламауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың келісімінсіз Қордың инсайдерлік ақпаратын құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға бермеуге және көпшілікке ашпауға;

3) _____ Қордың инсайдерлік ақпараты туралы мәліметті үшінші тұлғалар алғысы келген жағдайда, Қор басшылығына дереу хабарлауға;

4) инсайдерлік ақпарат тасымалдауыштар жоғалғаны немесе жетіспейтіні туралы, сондай-ақ мәліметтің жайылып кету себептері мен талаптары туралы Қордың қауіпсіздік бөлімшесіне дереу хабарлауға;

5) Қордың бағалы қағаздарымен мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбауға;

6) инсайдерлік ақпаратқа негізделген Қордың бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымды үшінші тұлғаларға бермеуге;

7) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының инсайдерлік ақпаратын қолдану және пайдалану қағидасының инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану бөлігіндегі талаптарын орындауға;

8) инсайдерлік ақпаратты пайдалану тәртібін бұзу деректері туралы, ақпаратты рұқсатсыз алмақ болу туралы Қор Басқармасының Төрағасына хабарлауға;

9) өзінің шарттық міндеттерін орындауға орай рұқсат алған ақпаратпен ғана танысуға;

10) инсайдерлік ақпараты бар құжаттармен жұмыс, есепке алу және сақтаудың белгіленген тәртібін бұзуға жол беру туралы, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты жариялау деректері туралы жазбаша түсініктемелер беруге;

11) _____ қатысты инсайдер деп танылған өз қызметкерлеріне инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңының және Қордың ішкі бақылау қағидасының талаптары туралы хабарлауға міндеттенеді;

12) _____ инсайдерлік ақпаратты Қордың келісімінсіз төмендегі тұлғаларға:

i. Қорды жазбаша хабарландырып және одан жазбаша келісім алып Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай ақпаратты сұрауға уәкілетті мемлекеттік органға;

ii. Қорды бұл туралы тиісті жазбаша хабарландырып және одан жазбаша келісім алып осы Келісім бойынша құқықтарды қорғау мен іске асыру мақсаттары үшін сот органдарына және өзінің өкілдеріне ашуға құқылы;

13) Қор _____ Қормен шарттық қатынастарды орындау мақсаттары үшін ғана қажет инсайдерлік ақпарат көшірмелерін сақтай алатынын мойындайды және келіседі. Бұл ретте, инсайдерлік ақпаратқа рұқсат берілген тұлғалар, _____ құпиялылық сақтауға міндеттенеді және оны жариялаған немесе таратқан жағдайда жауапкершілік _____ жүктеледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

6. Жауапкершілік

6.1. _____ инсайдерлік ақпаратты ашқан жағдайда, оның ішінде Қорға және (немесе) оның Жалғыз акционеріне зиян келтіруге алып келген жағдайда, _____ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7. Басқа ережелер

7.1. _____ инсайдерлік ақпараттың Қор _____ олай емес деп хабарлағанша не инсайдерлік ақпарат жалпыға қолжетімді болғанша инсайдерлік ақпарат болатынына келіседі.

7.2. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының инсайдерлік ақпаратын қолдану және пайдалану қағидасы _____ жеткізілді.

7.3. _____ Қордың инсайдерлік тізіміне қосылғаны туралы хабарландырылды, инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану бөлігінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптары туралы ақпарат берілді.

7.4. Осы келісім біржақты тәртіппен өзгертілмейді немесе бұзылмайды.

7.5. Осы келісім мәтініне енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар жазбаша ресімделіп, Тараптардың әрқайсысы тиісінше рұқсат берген және қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

7.6. Тараптардың ешқайсысы осы Келісім бойынша құқықтары мен міндеттерін келесі Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

7.7. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімді орындау бойынша өз шығыстары мен шығындарын көтеруі тиіс.

7.8. Осы Келісім Тараптардың әрқайсысына біреуден заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды.

8. Тараптардың деректемелері

Қор _____

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
201__ жылғы «__» __
№__ хаттамасымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты
қолдану және пайдалану қағидасының 5-қосымшасы

Басқарма Төрағасының
201__ жылғы «__» __
№__ бұйрығымен бекітілді

_____ жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ инсайдерлерінің тізімі

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қор қызметкерлерінің тізімі						
№№ р/р	Аты-жөні	Туған күні	Қосу негіздемесі	Қосу үшін негіздеме туындаған күн	Шығарылған күн	
1						
2						
Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар жеке тұлғалардың (Қор қызметкерлері емес) тізімі						
№№ р/р	Аты-жөні	Туған күні	Қосу негіздемесі	Қосу үшін негіздеме туындаған күн	Шығарылған күн	
1						
2						
Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар заңды тұлғалардың тізімі						
№№ р/р	Заңды тұлға атауы	Орналасқан жері	Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	Қосу негіздемесі	Қосу үшін негіздеме туындаған күн	Шығары лған күн
1						
2						

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
201__ жылғы «__» _____
№__ хаттамасымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты
қолдану және пайдалану қағидасының 7-қосымшасы

Қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне орай инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қор қызметкерлері лауазымдарының тізбесі

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Қор қызметкерлері лауазымдарының тізбесі		
№№р/р	Бөлімше	Лауазым
1		
2		

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы	__-бет __-ден
----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасын
келісу парағы**

Лауазым атауы	Т.А.Ә.	Қолы	Қол қойылған күн	Ескертпе
Басқарушы директор	М. Утегулов			
Қауіпсіздік департаментінің директоры	М. Артыкбаев			
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Г. Джилкибаева			
Корпоративтік хатшы	Ж. Жакупкалиева			

Өзірлеуші
Заң департаментінің директоры

Н. Бактыбаев